

Әкімшілік заңнаманы жетілдіру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 шілдедегі N 758 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 29 қазандағы N 1707 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.10.29 N 1707 Қаулысымен.

Әкімшілік заңнаманы жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес құрамда Әкімшілік заңнаманы жетілдіру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылсын.
2. Қоса беріліп отырған Комиссия туралы ереже бекітілсін.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 21 шілдедегі
N 758 қаулысына

қосымша

Әкімшілік заңнаманы жетілдіру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның құрамы

Түсіпбеков	- Қазақстан Республикасының Әділет
Рашид Төлеутайұлы	министрі, төраға
Қосдәулетов Дулат	- Қазақстан Республикасының Әділет
Рашитұлы	вице-министрі, төрайымның орынбасары
Жұмағұлов	- Қазақстан Республикасы Әділет
Ерлан Әскерұлы	министрлігі Заңнама департаментінің
	директоры, хатшы
Жолдасбаева	- Қазақстан Республикасының Парламенті
Нұрлығайым Шалданқызы	Сенатының депутаты (келісім бойынша)
Сарпеков	- Қазақстан Республикасының Парламенті
Рамазан Құмарбекұлы	Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша)
Оразаев	- Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы
Марат Әбілахатұлы	вице-министрі

Мамытбеков - Қазақстан Республикасының Индустрия және
Еділ Құламқадырұлы сауда вице-министрі

Күренбеков - Қазақстан Республикасы Президентінің
Амантай Жәнкеұлы Күзет қызметі бастығының орынбасары
(келісім бойынша)

Петров - Қазақстан Республикасының Төтенше
Валерий Викторович жағдайлар вице-министрі

Федоров - Қазақстан Республикасының Ішкі істер
Олег Анатольевич вице-министрі

Жиреншин - Қазақ гуманитарлық-заң университеті
Қазбек Әбусағитұлы конституциялық және әкімшілік құқық
кафедрасының меңгерушісі, заң
ғылымдарының докторы, профессор
(келісім бойынша)

Нұғманова Эльмира - заң ғылымдарының кандидаты (келісім
Әбдікқызы бойынша)

Ноздрин Валерий - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының
Владимирович судьясы (келісім бойынша)

Үкібаев Ермек - Қазақстан Республикасы Республикалық
Елеуханұлы ұланы қолбасшысының бірінші орынбасары
(келісім бойынша)

Бектұров Азат - Қазақстан Республикасының Көлік және Ғаббасұлы
коммуникация вице-министрі

Құрбанбаева Гүлнәр - Қарағанды облысы кәсіпкерлер
Төретайқызы қауымдастығының директоры (келісім
бойынша)

Амандықов Қайрат - Қазақстан Республикасының Кәсіподақтар
Якудаұлы одағы федерациясы төрағасының орынбасары
(келісім бойынша)

Тәжияқов Бисенғали - Ұлттық Банк төрағасының орынбасары
Шамғалиұлы

Құдайбергенов Ескендір - Қазақстан Республикасы Табиғи
Көпбосынұлы монополияларды реттеу агенттігі
төрағасының орынбасары

Қуанғанова - Қазақстан кәсіпкерлері форумы атқарушы
Гүлнәр Шаймұратқызы директорының орынбасары (келісім бойынша)

Иса - "Атамекен" Одағы" Қазақстанның ұлттық
Әбжаппар Үкібайұлы экономикалық палатасы" заңды тұлғалар
бірлестігі атқарушы дирекциясының заң

департаменті директорының орынбасары
(келісім бойынша)

Мұқанов Төлеген - Қазақстанның тауар өндірушілері мен
Мұқанұлы экспорттаушылары одағының
вице-президенті

Әбілқайырова - Қазақстан Республикасы
Бақытгүл Адайбекқызы Парламентінің Сенаты заңнама
және құқықтық саясат
комитетімен өзара іс-қимыл
бөлімінің бас консультанты

(келісім бойынша)

Бөрібаев - Қазақстан Республикасының Мәдениет және
Асқар Исмайылұлы ақпарат вице-министрі

Құсайынов - Қазақстан Республикасының
Марат Әпсаметұлы Экономика және бюджеттік
жоспарлау вице-министрі

Дәленов - Қазақстан Республикасының
Руслан Ерболатұлы Қаржы вице-министрі

Тұрғанов - Қазақстан Республикасының
Дүйсембай Нұрбайұлы Энергетика және минералдық
ресурстар вице-министрі

Нұриманов - Қазақстан Республикасы Ұлттық
Мақсұт Әнуарбекұлы қауіпсіздік комитеті төрағасының
орынбасары (келісім бойынша)

Мамырбаев - Қазақстан Республикасы Бас прокурорының
Рахымбек Нұрмұхаметұлы орынбасары (келісім бойынша)

Құрманғалиев - Қазақстан Республикасы Парламенті
Әсет Қабиұлы Мәжілісіндегі "Нұр Отан"
халықтық-демократиялық партиясының
фракциясы аппаратының басшысы (келісім
бойынша)

Бәшімов - еуропалық құқық сараптау институтының
Марат Советұлы директоры, Қазақстан Республикасы
Президентінің жанындағы Мемлекеттік
басқару академиясының профессоры,
Қазақстан Республикасы Президентінің
жанындағы Адам құқықтары жөніндегі
комиссияның сарапшысы (келісім бойынша)

Парсегов	- Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті
Борис Анатольевич	қорғау агенттігі төрағасының орынбасары
Меңдібаев	- Қазақстан Республикасының Статистика
Бірлік Қайырбекұлы	агенттігі төрайымының орынбасары
Тұрмағамбетов	- Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны
Мәжит Әбдіхалықұлы	қорғау вице-министрі
Вощенко	- Қазақстан Республикасының Денсаулық
Тамара Анатольевна	сақтау вице-министрі
Оңғарбаев	- Қазақстан Республикасы Экономикалық
Сәттібек Оңғарбайұлы	қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы
	күрес агенттігі (қаржы полициясы)
	төрағасының орынбасары (келісім бойынша)
Нұрымбетов	- Қазақстан Республикасының Еңбек және
Біржан Бидайбекұлы	халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі
Дәулеталин	- Қазақстан Республикасы Парламенті
Сатыбалды Телағысұлы	Мәжілісінің Аппарат Басшысының орынбасары
	(келісім бойынша)

Ескерту. Құрамға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.03.15 N 172, 2006.09.07 N 846, 2007.03.20 N 217, 2007.10.05 N 905, 2008.04.07 N 323, 2008.06.16 N 587, 2008.12.24 N 1248, 2009.05.15. N 728 Қаулыларымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
 Ү к і м е т і н і ң
 2 0 0 5 ж ы л ғ ы 2 1 ш і л д е д е г і
 N 7 5 8 қ а у л ы с ы м е н
 бекітілген

Әкімшілік заңнаманы жетілдіру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Әкімшілік заңнаманы жетілдіру мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті

мен Үкіметінің кесімдерін және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді, сондай-ақ осы ережені басшылыққа алады.

2. Комиссияның міндеттері мен құқықтары

3. Комиссияның негізгі міндеттері:

- 1) қолданыстағы әкімшілік заңнаманы талдау;
- 2) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне енгізу үшін ұсынылған өзгерістер мен толықтыруларды қарау;
- 3) мемлекеттік органдардың әкімшілік заңнаманы жетілдіру мәселелері жөніндегі ұсыныстарын қарау;
- 4) әкімшілік заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізу;
- 5) Комиссияның құзыретіне жататын өзге де міндеттерді жүзеге асыру болып табылады.

4. Өзінің міндеттеріне сәйкес Комиссияның:

- 1) орталық атқарушы және басқа да мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара іс-қимыл жасауға;
- 2) әкімшілік заңнаманы жетілдіру мәселелері жөніндегі ұсыныстар мен ұсынымдарды Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізуге;
- 3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен ұйымдарының өкілдерін (келісім бойынша) Комиссияның құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Комиссияның отырыстарына шақыруға және тыңдауға;
- 4) Комиссияның міндеттерін іске асыру үшін қажетті материалдарды мемлекеттік және басқа да ұйымдардан заңнамада белгіленген тәртіппен сұратуға және алуға;
- 5) Комиссияға жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін қажетті өзге де құқықтарға құқығы бар.

3. Комиссия қызметін ұйымдастыру

5. Комиссия төрағасы оның қызметіне басшылық етеді, отырыстарына төрағалық етеді, жұмысын жоспарлайды, шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асырады. Төраға болмаған уақытта оның функциясын орынбасары орындайды.

6. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Комиссияның жұмыс органы болып табылады.

7. Жұмысты ұйымдастыруды, тиісті құжаттарды, материалдарды дайындауды және Комиссия отырысының хаттамасын ресімдеуді Комиссия хатшысы жүзеге асырады.

Комиссияның отырысына материалдар оны өткізгенге дейін кемінде 3 күн бұрын Комиссия мүшелеріне жіберіледі.

8. Комиссияның отырыстары күнтізбелік жылғы айдың екінші дүйсенбісінде, қажет болған кезде Комиссия төрағасы белгілейтін өзге де күндерде де өткізіледі. Комиссияның отырысы Комиссия мүшелері жалпы санының кемінде жартысы қатысқан кезде заңды деп саналады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.03.15. N 172 Қаулысымен.

9. Отырыстардың күн тәртібін, сондай-ақ олардың өткізілетін орны мен уақытын Комиссия төрағасы Комиссия мүшелерінің келісімі бойынша белгілейді.

10. Комиссияның шешімдері ашық дауыс берумен, сондай-ақ Комиссия мүшелеріне сұрау салу жолымен қабылданады және егер, олар үшін Комиссия мүшелері жалпы санының көпшілік дауысы берілген болса, қабылданды деп есептеледі, Комиссия отырысы хаттамамен ресімделеді және ұсынымдық сипатта болады. Дауыстар тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданды деп е с е п т е л е д і .

Комиссия мүшелерінің ерекше пікірге құқығы бар, ол білдірілген жағдайда жазбаша түрде жазылуы және Комиссия отырысының хаттамасына қоса берілуі т и і с .

Ескерту. 10-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.03.15. N 172 Қаулысымен.

11. Комиссияның құзыретіне қатысты қажетті материалдарды әзірлеу үшін ұйымдар, жоғарғы оқу орындары, сондай-ақ ғалымдар мен жоғары білікті мамандар тартылуы мүмкін.

12. Комиссия өз қызметін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі негізінде тоқтатады.